



Амбулаториялық дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету

2017 жыл

19 Басылым

ХАЛЫҚА АРНАЛҒАН ДӘРІЛІК БЮЛЛЕТЕНЬ

Қазақстан Республикасында дәрілік заттармен тегін және жеңілдікпен қамтамасыз ету бағдарламасы **2005 жылдан бері жүзеге** асырылуда. Бұл бағдарлама бойынша диспансерлік есепте тұрған науқастар тегін дәрілік заттарды алады.


Бүгінгі таңда Үкімет және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігі амбулаторлық - емханалық деңгейде сапалы және уақтылы дәрілік заттармен қамтамасыз ету үшін және де аурудың өршу жиілігі мен ауруханаға жатып емделу жиілігін төмендету үшін, бұл бағыттың дамуы мен әрі қарай жетілуіне көп көңіл бөлуде.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, тегін медициналық көмектің кепілдік берліген көлемі Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандығы № 2136 Қаулысымен бекітілген тізбеге сәйкес беріледі және дәлелді тиімділігі жоғары профилактикалық, диагностикалық және емдік медицина қызметтерін қамтиды.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің (бұдан әрі - ТМҚКК) шеңберінде амбулаториялық деңгейде азаматтарды дәрілік заттармен тегін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің **2011 жылғы 4 қарашадағы № 786 бұйрығына**

сәйкес жүзеге асырылады. Тізбеге енген дәрілік заттарға қажеттілікті диспансерлік есепте тұрған пациенттердің санын және өткен жылы нақты тұтынылған дәрілік заттардың көлемін ескере отырып, медицина ұйымдары белгілейді. ТМҚКК шеңберінде амбулаториялық деңгейде азаматтарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету тегін рецепттер бойынша дәріхана ұйымдары арқылы науқастың жеке басын куәландыратын құжатты (пациенттің туу туралы куәлігін) немесе оның көшірмесін көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

Амбулаториялық деңгейде тегін




рецепттер алу үшін бекітілген халық тізбесіне пациенттердің мәліметтері тіркеліп, пациент медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету (МСАК) ұйымына тіркелген болуы және диспансерлік есепте тұруы тиіс. Рецепттерді учаскелік дәрігерлер мен медицина ұйымының бейінді мамандары жазып береді.

Жеке куәлігі



Дәріхана



Тегін рецепт

Дәрі

87-бап.

Денсаулық сақтау саласындағы құқықтарды қамтамасыз етудің кепілдіктері. Мемлекет Қазақстан Республикасының азаматтарына:

- 1) денсаулық сақтау құқығына;
- 2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің көрсетілуіне;
- 3) медициналық көмекке бірдей қол жеткізуіне;
- 4) медициналық көмектің сапасына;
- 5) дәрілік заттардың қол жетімділігіне, сапасына, тиімділігі мен қауіпсіздігіне;
- 6) аурулардың профилактикасы, СӨС мен дұрыс тамақтануды қалыптастыру жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуіне;
- 7) жеке өміріне қол сұғылмауына кепілдік береді.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі

Бұл басылымда:

Азаматтардың тегін дәрілік заттармен қамтамасыз етуіне құқығы	1-2
Шорбуынды спондилит	3
Паллиативтік көмек	3
Ювенильді идиопатиялық артритті	4
Жүректің ишемиялық ауруы	4
Гематологиялық аурулар	5
В және С вирустық гепатиті	5

ТМККК шеңберінде амбулаториялық деңгейде емделу үшін дәрілік заттарды ұтымды пайдалану мақсатында келесі қағидастар қолданылады:

» Диагноз расталуы және верификациялануы тиіс;

» Дәрілік заттар пациенттерге аурудың түріне, халықтың санатына, айғақтарға, диспансерлік топтарға сәйкес тағайындалады;

» Терапияның қайталануын және жағымсыз жайттарды болдырмау мақсатында, дәрілік заттар сауда атаулары көрсетіліп, халықаралық патенттелмеген атаулары (белсенді әсер ететін зат немесе құрам) бойынша жазып беріледі;

» Тізбенің шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметі белгіленген тәртіпте полипрагмазияның алдын алу мақсатында бір пациентке жазылып берілетін дәрілік заттың жалпы саны бес препараттан аспауы тиіс.

» Бекітілген Тізбеге сәйкес тағайындалатын дәрілік заттарды бір пациентке жазып беру айына 1 реттен аспауы тиіс.



Участкелік
дәрігер

Кәсіби мамандар

РЕЦЕПТ

Диспансерлік есеп

2018 жылдың 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде азаматтарды, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде тегін және

жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесін бекіту туралы» 2017 жылғы 29 тамыздағы №666 бұйрығы күшіне енеді.

Аталған бұйрықпен Сіз Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің сайтында www.mz.gov.kz таныса аласыз.

Денсаулық сақтау министрлігінің жаңа бұйрығында ХПА бойынша 274 дәрі-дәрмекпен (8 атауға артық), сырқаттың 48 тобы үшін медициналық бұйымдардың 8 түрімен тегін қамтамасыз етілмек.

2018 жылға арналған тегін дәрі-дәрмектер тізбесі тиімділіктері дәлелденген жаңа препараттармен толыққан; халықаралық ұсынымдарға сәйкес, тиімділіктері дәлелденбеген және клиникалық практикада пайдаланылмайтын дәрілік заттар алынып тасталған.

Денсаулық сақтау министрлігі бірте-бірте стационарда негізсіз емдеуді азайтып, сырқаттарды амбулаториялық деңгейде емдеу-басқару тәсілдеріне көшуді ынталандыра отырып, тегін АДҚ тізбесін кеңейту мақсатын алға қояды.

АДҚ жөніндегі бұйрықта бұрынғы жергілікті бюджет есебінен және республикалық бюджет есебінен деген бөліктер алынып тасталған, аурулар бір орталықтан республикалық деңгейде қаржыландырылады. Ақпараттандыру ыңғайлы болу үшін тізбе қосымша деректермен толықтырылған: дәрілік заттар үшін МКБ-10 сырқат коды және АТХ коды.



Өзгерістерді жете қарастырайық:

2018 жылға амбулаториялық дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету тізімінде **паллиативтік көмек көрсетуде** ауыр науқастарды қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады!



Паллиативтік көмек - өмірге қауіпті аурулармен байланысты проблемаларға тап болатын науқастардың (ересектер мен балалардың) және олардың отбасыларының **өмір сапасын** жақсартатын тәсіл

Ол ауырсынуды және басқа да проблемаларды - физикалық, психоэмоционалдық немесе рухани мәселелерді дұрыс бағалау және емдеу нәтижесінде **азаптың алдын алады және жеңілдетеді.**



Ауруға уақытша жеңілдік беретін көмектің **нозологиясы кеңейтілді:** қатерлі ісіктердің, туберкулездің және АИТВ-инфекцияның жалпы нысандары, жүрек, өкпе, бауыр, бүйрек жетіспеушілігі, бауыр циррозының асқынуы сияқты декомпенсация кезеңінде созылмалы прогрессивті аурулар

Ауыру паллиативтік көмекке мұқтаж емделушілердің жиі кездесетін және елеулі белгілерінің бірі.

Соңғы сатыда көптеген прогрессивті ауруларды тудыратын ауырсынуды болдырмау үшін, **опиоидты анальгетиктер** маңызды



Паллиативтік көмекке арналған **дәрі-дәрмектердің тізімі ДДҰ ұсынғандай кеңейтіліп**, науқастың өмір сапасын жақсартуға бағытталған. Тізімге 15 дәрілік препараттар енгізілген: (Кетопрофен, Трамадол, Морфин, Фентанил, Преднизолон, Дексаметазон, Омепразол, Амитриптилин, Карбамазепин, Метоклопрамид, Диазепам, Бисакодил, Спиринолактон, Торасеид, Бір компонентті дренажалатын қорғаныш пастасы бар жинақтағы илео/колостомды нәжіс сауыттар)

Паллиативтік көмек **қажетсіз ауруханаға жатқызуды азайтады** және **науқастардың** (ересектер мен балалардың) және олардың **отбасыларының өмір сапасын жақсартады!**



Енді **шорбуынды спондилитпен** ауыратын науқастар амбулаториялық жағдайда **тегін** дәрілерді ала алады!



Шорбуынды спондилит (Бехтерью ауруы) - омыртқа буындарының ісіну кезіндегі созылмалы прогрессивті ауру болып табылады.



Шорбуынды спондилитпен негізінен **20-40 жастағы ер адамдарға** ауырады, бірақ ауру мектеп жасында басталады (шамамен **15 жаста**).



Ауру **омыртқаның қозғалғыштығын шектеуімен, оның қысқаруымен** сипатталады.



Емдеу **болмаған жағдайда** ауру басқа органға және жүйелерге таралады.



«Шорбуынды спондилит» диагнозымен диспансерде тұратын науқастар **индометацинмен, сульфасалазинмен** амбулаторлық деңгейде емделеді



Бірінші сатылы терапия тиімсіз болса, науқастар **голимумабпен** емделеді




Бұрын **адалимумаб** алған науқастар осы препаратпен емдеуді жалғастырады



Биологиялық агенттерді (голимумаб, адалимумаб) тағайындауды **тәжірибелі ревматолог** (сарапшы) шешеді

Амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін дәрілік заттардың тізбесі **жүректің ишемиялық ауруын емдеу үшін қазіргі заманғы препараттармен толықтырылған.**



Жүректің ишемиялық ауруы - жүректің қанға жеткізілуінің патологиясы, яғни коронарлық артериялардың зақымдануы (қанды жүрекке жеткізетін қан тамырлары).



Артерияның зақымдануының **негізгі себебі** – қан тамырларындағы қабырғаларында **атеросклеротикалық бляшкалар**, бұл өз кезегінде бос аралықты тарылтады және қалыпты қан ағымына кедергі келтіреді.



Статиндердің қолданылуы атеросклеротикалық үрдісті **тұрақтандыруда**, қабыну реакцияларының төмендеуіне және эндотелия функциясының қалыпқа келуіне ықпал ететін және пациенттердің өмір сүру ұзақтығын арттыратын тиімді болып табылады.




Холестериннің биік деңгейі



Жүрек-қан тамырлары асқынуларының жоғары қаупі



**Мүгедектіктің өсуі
Өмір сапасының нашарлауы
Өлімнің артуы**



Статиндер (қандағы холестеринді төмендететін дәрілер)



Бірінші және екінші жүрек инфаркт тәуекелін 25-40% дейін төмендетеді



**Пациенттің өмір сапасын жақсарту
Ауруханаға жатқызу қысқарды
Мүгедектік пен өлім деңгейін азайту**



Статиндер тобынан (аторвастатин) дәрі-дәрмек 2018 жылға амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тізіміне енгізілген



Статиндердің ұзақ мерзімді қолданылуы **ЖИА өлімнің және жалпы өлімнің төмендеуін**, миокард инфарктісінің **тәуекелін төмендетуді**, реваскуляризация рәсімдерінің **жиілігін**, инсульт пен перифериялық тамыр ауруларын азайтты

Жаңа амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің жаңа тізімінде **балалар ауруларына** ерекше көңіл бөлінеді.



Ювенильді идиопатиялық артрит, басқа ауруларды алып тастағанда, **16 жасқа дейін пайда болған** белгіленбеген артриті болып анықталады.



Ауру буындардың (артрит) немесе дәнекер тіндерінің **қабынуымен** сипатталады.



Емдеусіз **буын деформациясы** дамуы мүмкін.



Буынның ұзақ мерзімді (созылмалы) қабынуы ақырында **деформацияға әкеліп соғуы немесе зақымданған буынның қайтымсыз зақым келтіруі мүмкін**



Амбулаторлық деңгейде ювенильді артрит емдеу үшін тиімсіз бірінші жолғы терапиямен (метотрексат, метилпреднизолон) **биологиялық агенттерге** (этанерепт) байланысты **екінші дәрілік препараттардың тізбесі кеңейтілді**

Амбулаториялық деңгейде **биологиялық препараттармен** емдеу нәтижесінде:



Клиникалық көрініс жақсарады




Ауруханаға жатқызу жиілігі қысқарды



Буын функциясын жоғалтуға жол берілмейді



Гемобластоздар мен апластикалық анемияны қамтитын гематологиялық аурулар



Гематологиялық аурулар (қан жүйесінің аурулары) - аурудың тиісті қантүзілім органдарының шығуымен (химиялық заттардың әсерінен сәулелендіру арқылы туа біткен, генетикалық, ісік, инфекциялық, паразиттік және басқа да көптеген сыртқы және ішкі орта факторлары) және ауырлығымен ерекшеленетін, сондай-ақ қанның жекелеген жасушалық элементтеріне зақым келтіреді.


Гематологиялық аурулар үшін жаңа бұйрықта тегін препараттардың тізімі айтарлықтай кеңейтілді.



Науқастар бұрын тек ауруханаларда қамтамасыз етілген **12 жаңа препараттар** енгізілген: элтромбопаг, преднизолон, хлорамбуцил, мелфалан, меркаптопурин, талидомид, леналидомид, дазатиниб, деферазирокс, сонымен қатар эритропозитины альфа, бета және зета.

Амбулаторлық дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету арқылы **терапияны оңтайландыруға** көмектеседі:

- гематологиялық аурулардың дамуын болдырмау
- жатқызу жиілігін және ауруханада болу ұзақтығын қысқарту
- пациенттердің сапасы мен ұзақ өмір сүруін жақсарту



Негіздеме: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде азаматтарды, оның ішінде белгілі бір аурулары (жасай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде тегін және жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесін бекіту туралы» 2017 жылғы 29 тамыздағы №666 Бұйрығы

2018 жылға дейін амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тізіміндегі жаңа препараттар **В және С вирустық гепатиттерінің 95% -нан астамын емдейді.**



Вирусты гепатит - бауырдың қабынуы, оның нәтижесінде бауырдың жасушалары жойылады. Аурудың себебі - гепатиттің негізгі 5 вирусы: **А, В, С, Д, Е.**

Ең үлкен қауіпті В және С вирустық гепатиттері болып табылады.

Әлемде С гепатитінен жыл сайын шамамен 390 000 адам қайтыс болады (ДДҰ деректері бойынша)

Қазақстанда С вирустық гепатиттің таралуы шамамен 3% немесе 400 мыңнан астам адамды құрайды!



Вирусқа қарсы препараттардың көмегімен гепатитпен ауыратындардың **95% -дан астам адамды емдеуге** болады.

2018 жылға амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету шеңберінде жаңа тиімді дәрілік заттар - **софосбувир, дракратасвир** қосылды.



Негіздеме: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде азаматтарды, оның ішінде белгілі бір аурулары (жасай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде тегін және жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесін бекіту туралы» 2017 жылғы 29 тамыздағы №666 Бұйрығы

Дәрілерді дұрыс қолдану, олардың мүмкін болатын жанама, өзара әсерлері туралы ақпаратты, сонымен қатар осы тәрізді сауалдарға:

Тегін дәрілік заттарды алуға кім құқылы?



Тегін дәрілер жүкті әйелдерге беріле ме?



Қандай ауруларда дәрілер тегін беріледі?



Балаларға қандай дәрілік заттарды, қай ауруларда тегін алуға болады?



**ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ ҰТЫМДЫ
ПАЙДАЛАНУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
МАМАНДАРЫ ЖАУАП БЕРЕ АЛАДЫ**

**ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША ҚОҢЫРАУ ШАЛУ ТЕГІН
8 800 080 88 87**

сауалдарыңызды www.druginfo.kz сайтына жолдаңыздар

МАТЕРИАЛДЫ ДАЙЫНДАҒАҢДАР:

Г.К. Жусупова, Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығының басшысы, клиникалық фармаколог, жоғары санаттағы дәрігер, MD

Л.М. Есбатырова, ДЗҰПО ұтымды фармакотерапия бөлімінің басшысы, клиникалық фармаколог, MD

А.Р. Басибекова, ДЗҰПО ұтымды фармакотерапия бөлімінің бас маманы

Д.Е. Бегешева, ДЗҰПО ұтымды фармакотерапия бөлімінің бас маманы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығы дәрілік заттарды өндірушілермен және жарнама берушілермен бірге қызмет атқармайды. Дәрілік бюллетеннің таратылуын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі қаржыландырады.

Біздің мекен - жайымыз: Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» ШЖҚ РМҚ-ның Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығы

Астана қ., Мәңгілік ел көшесі 8, 18В кіреберіс, 108 кабинет.

Тегін телефон желісі - **8 800 080 88 87.**

ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ